

Қалдықпен жазбаша бөлу

№ 138, 139 сабақ

4	8	9	4		
4			1	2	2
	8				
	8				
		9			
		8			
		1	(қалд.)		



Жазамын: бөлінгіш – 489,
 бөлгіш – 4. Бірінші
 толымсыз бөлінгіш
 4 жүздік. Бөліндінің мәні
 3 цифрдан тұрады (бірлік,
 ондық, жүздік).

Жүздіктерді бөлемін:
 $4:4=1$, бөліндіге 1-ді
 жазамын. Жүздіктердің
 толық бөлінгендігін
 тексеремін:

Ондықтарды бөлемін:
 $8:4=2$, бөліндіге 2-ні
 жазамын. Неше ондықтың
 бөлінгенін тексеремін:
 $8 - 8 = 0$.

Бірліктерді бөлемін:
 $9:4 = 2$ (1қалд.) 2-ні
 бөліндіге жазамын.

Жауабын оқимын: 122 (1 қалд.)

Тексеру:

бөліндінің мәні · бөлгіш + қалдық = бөлінгіш

4	8	9	4		
4			1	2	2
	8				
	8				
		9			
		8			
		1			

1 (қалд.)



	1	2	2
×			4
	4	8	8
+			1
	4	8	9

	2	1	6	5	
	2	0		4	3
		1	6		
		1	5		
			1	(қалд.)	

Жазамын: бөлінгіш – 216,
 бөлгіш – 5. Бірінші
 толымсыз бөлінгіш – 21
 ондық. Бөліндіде 2 цифр
 (бірлік, ондық) болады.
 Ондықтарды бөлемін:
 $21:5=4$ (қалд. 1),
 4-ті бөліндіге жазамын.
 Неше ондықтың бөлінгенін,
 тағы бөлінбеген неше
 ондықтың қалғанын
 тексеремін.

$21-20=1$. 1 ондық қалды. $1 < 5$.
 Бірліктерді жазамын.
 Бірліктерді бөлемін:
 $16:5=3$ (қалд. 1),
 3-ті бөліндіге жазамын.

Жауапты оқимын: 43 (1 қалд.)



Тексеру:

Бөліндінің мәні · бөлгіш + қалдық = бөлінгіш

2	1	6	5	
2	0		4	3
	1	6		
	1	5		
		1		(қалд.)

		4 ¹	3	
	×		5	
		2	1	5
	+		1	
		2	1	6



2	8	1	2		
2			1	4	0
	8				
	8				
		1			
		0			
		1	(қалд.)		



Жазамын: бөлінгіш – 281,
 бөлгіш – 2. Бірінші
 толымсыз бөлінгіш –
 2 жүздік. Бөліндінің мәні
 3 цифрдан тұрады
 (жүздік, ондық, бірлік).

Жүздіктерді бөлемін:
 $2:2=1$, бөліндіге 1-ді
 жазамын.

Ондықтарды бөлемін:
 $8:2=4$, бөліндіге
 4-ті жазамын.

Бірліктерді бөлемін: $1:2=0$,
 өйткені 1 саны 2 санынан
 кіші. Неше бірлік
 бөлінгенін тексеремін:
 $1 - 0 = 1$ (1 қалд.), бөліндіге
 0-ді жазамын.

Жауабын оқимын: 140 (1 қалд.)

Тігін цехы үшін 145 шарғы жіп сатып алынды. Оның 40 шарғы жібі – қызыл, қалғандары ақ түсті жіп. Неше шарғы ақ жіп сатып алынды?



$$40 + x = 145$$

$$x = 145 - 40$$

$$x = 105 \text{ (ш.)}$$

Жауабы: 105 шарғы ақ жіп сатып алынды.

